

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары –  
«Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшелеріне  
(Ғ. Әміреев; Ә. Рахымжанов;  
Б. Смағұл; Г. Шиповских)**

*2021 жылғы 3 наурыздағы  
№ ДС-84 хатына*

### **Құрметті депутаттар!**

«Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысын іске асыру шеңберінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның (бұдан әрі – АНК) мемлекеттік кепілдік алу рәсіміне қатысты келесіні хабарлаймын.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын іске асыру кезеңінде АНК облигацияларды сатып алудың белгіленген лимиті шеңберінде 100 млрд.теңгені игерді. Жалпы сомасы 69,9 млрд. теңгеге 1 466 қарыз алушы-агроөнеркәсіптік кешенінің субъектілері кредит алды, оның ішінде 2019 жылы 22 млрд. теңге сомасына 543 қарыз алушы және 2020 жылы 933 қарыз алушы, 48 млрд. теңге сомасына кредиттеудің негізгі бағыттары бойынша, оның ішінде етті мал шаруашылығы, құс фабрикалары, қарқынды бақтар және т.б. кредит берілді. Сондай-ақ 30 млрд. теңгеге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу қаржыландырылды.

Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешені секторын қаржыландыруға жеке қаржы институттарын тарту саясаты шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өңдеуге кредит беру мақсаттарына арналған лимиттің қалдығын екінші деңгейдегі банктер игеретін болады.

АНК қаражатын одан әрі мемлекеттік кепілдікке тарту экономикалық тұрғыдан тиімсіз, өйткені ол қарыз капиталының қымбаттауына және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша түпкілікті қарыз алушы үшін кредиттеудің шекті мөлшерлемесінің артуына алып келеді.

Осыған байланысты, қаржы нарығының ағымдағы конъюнктурасын ескере отырып, АНК ішкі нарықта ұзақ мерзімді қаражат тарту жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асырады, бұл агроөнеркәсіптік кешенінің субъектілерін қолжетімді кредиттік ресурстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**А. Мамин**

*Д.Ж. Қалиев*  
74-55-10